

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Д.Б. Досманбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 1 хаттама, «01» 08 2023 жыл)



Академиялық комитет туралы

ЕРЕЖЕ

Қызылорда, 2023 жыл

1. Ереже мақсаты

Ереже мақсаты - Қызылорда «Болашақ» университетінің бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлау сапасын арттыру, жұмыс берушілердің бәсекеге қабілетті мамандарға деген сұранысын қамтамасыз ету, білім беру қызметіндегі жаңалықтарды, инновациялық және педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне енгізу, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүзеге асыру.

2. Комитеттің негізгі міндеттері

Академиялық комитеттің негізгі міндеттері:

- университет бағыттары бойынша Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- университет бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларына (БББ) сәйкес пәндердің оқу бағдарламасы, жұмыс оқу бағдарламасы (Syllabus) мен оқу – әдістемелік кешендерін бекіту;
- университет бағыттары бойынша профессор-оқытушылардың бакалавриат, магистратура БББ-ның пәндері бойынша оқулықтарын, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік еңбектерін бекіту;
- 2023-2024 оқу жылына жоспарланған диплом жұмысы мен магистрлік диссертациялардың тақырыптарын талдау және университет Ғылыми Кеңесіне ұсыныс беру;
- университет бағыттары бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған профессор-оқытушылардың БББ-ның пәндері бойынша монографияларын, оқулықтарын, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік еңбектерің баспадан шығару жоспарын бекіту;
- ПОҚ-ның педагогикалық шеберлігін арттыру және ПОҚ өз іс-тәжірибесінде оқытудың жаңа технологияларын пайдалану сапасына ұсыныстар;
- білім беру бағдарламалары бойынша ПОҚ-ның кәсіби шеберлік, біліктілік курстарынан өтуіне талдау жасау, 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарын бекітуге ұсыныс беру;
- 2023-2024 оқу жылына 1 академиялық кезең бойынша есеп беру;
- университет бағыттары бойынша іс-тәжірибеден өтетін мекемелермен байланыс орнату мақсатында жұмыс берушілермен кездесу;
- университет түлектерінің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу;
- университет бағыттары бойынша Академиялық комитеттің 2023-2024 оқу жылына орындалған жұмысына есеп беру.

3. Комитет қызметінің негізгі бағыттары:

Академиялық комитет қызметінің негізгі бағыттары:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауды ұйымдастыру;
- жекелеген пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау;
- академиялық қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу;
- оқу академиялық құралдарды, оның ішінде электрондық тасығыштарда және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;
- оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагог қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған академиялық жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарастыру;
- тест тапсырмаларын және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да түрлерін әзірлеу және сараптау мәселелері;
- оқытушының жетекшілігі мен білім алушылардың өзіндік жұмысын және білім алушылардың өзіндік жұмысын академиялық қамтамасыз ету мәселелері;
- оқу-академиялық және ғылыми-академиялық жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

4. Комитеттің құрамы және жұмыс тәртібі

Университеттің академиялық комитетінің құрамына кафедра меңгерушілері, оқытушылар кіреді (қажеттілігіне қарай тізім кафедра отырыстарында анықталады). Академиялық комитеттің құрамы бір оқу жылына университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Комитет отырысына университеттің барлық штаттық оқытушылары қатыса алады.

Университеттің Академиялық комитетінің қызметіне төрағаны ректор тағайындайды.

Университеттің академиялық комитетінің жұмысы бірінші отырыста қаралған және бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Академиялық комитеттің отырысы университеттің күнтізбелік жоспарына сәйкес екі айда 1 рет өткізіледі және хаттамамен рәсімделеді. Қарастырылған мәселелердің нәтижелері бойынша университеттің академиялық комитетінің отырысында қатысып отырған мүшелердің көпшілік дауысымен ұсыныстар түрінде шешімдер қабылданады. Университеттің академиялық комитетінің әрбір мүшесі комитеттің барлық отырыстарына қатысуы, оның жұмысына белсенді араласуы, оған жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауы тиіс.